

№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султановтың 2023-2024 оқу жылындағы

I-жарты жылдық қорытындысы.

2023-2024 оқу жылы басталуына орай мектепте атқарылатын тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары түзіліп, бекітілді.

Жоспарға сәйкес:

Оқу жылының басталуына орай, 24.08.2023 жылы демеушілер тарапынан аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңіне көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу, мектепке қажетті оқу құралдырын алып беру мақсатында «Мектепке жол» Республикалық «Жақсылық жаса» атты қайырымдылық акциясы өткізілді. Демеушілер тарапынан жиналған қаражатқа 4 оқушымызға мектепке керекті құрал – жабдықтар табысталды.

1 қыркүйек Білім күніне орай "Мектебім - мейірім мекені!" атты салтанатты жиын өтті. "Мектебім - мейірім мекені!" тақырыбында бірыңғай сынып сағаты барлық сыныпта өткізіліп, «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджі аясында бейнероликке ұсынылған тақырыптар бойынша әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик істелініп, «Facebook» әлеуметтік желісіне жарияланды. Бейнероликті Е.Мырзабаев, М.Саметова, Р.Алимханова, Л.Ештаева, У.Кулдасова, Д.Ахметов ұстаздарымыз уақытылы орындап, жұмыстары әлеуметтік желіге жарияланды.

Мұғалімдердің кезекшілік кестесі жасаланып, бекітілді, әр сыныптың сынып бұрыштарын анықтап, түгендеу жұмыстары жүргізілді. Сабақ кестесі дұрыс емес, сынып тізімі жоқ сынып жетекшілерге ескертулер айтылды. Нәтижесінде барлық сыныптың сынып бұрыштары реттелді.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында оқушыларға "Адалдық - парасаттылықтың белгісі" және «Адалдық ардың ісі» тақырыбында "Адалдық алаңы" бірыңғай сағаты өткізілді.

05.09.2023 жылы 5-қыркүйек - Қазақстан Республикасындағы Тілдер мерекесіне орай «Мәңгілік ел - мәртебелі тіл» атты онкүндіктің ашылуы өтті.

Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Туған тілім – бабам тілі – өз тілім» челленджін Өзін-өзі басқару ұйымы қабыл алып, өз өлең шумақтарымен өткізді. «Мәңгілік ел - мәртебелі тіл» атты онкүндіктің жоспарына сәйкес тәлімгер М.Асанованың ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында Шәмші әндері сайысы өткізілді.

08.09.2023 жылы денешынықтыру пәні мұғалімі Д.Ахметовтың ұйымдастыруымен Республикалық "Дене сергіту" челленджі ұйымдастырылды. "Дене сергіту" челленджіне жалпы мектеп оқушылары және педагогтері белсенді қатысты.

Түркістан облысы бойынша 2023 жылдың 11-12 қыркүйек айында "Жер-2023" Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы жоспарланған болатын. Жоспарға сәйкес 11- қыркүйек күні сағат 10:00 де мектепшілік "Баршаның назарына" құлақтандыру дабылы іске қосылып жалпыға бірдей сейсможаттығулары өткізілді.

2023-2024 оқу жылына жоспарланған "Төрт тоқсан - төрт өнер" ұлттық мәдени ағартушылық жобасын іске асыру мақсатында мектеп оқушылары арасында 15 қыркүйек күні "Ақындар айтысы" жас импровизатор ақындардың мектепшілік кезеңі өткізілді.

16.09.2023 жылы Қазақстан Республикасы Экология, және табиғи ресурстар министрлігі 2023 жылғы 16 қыркүйекте еліміздің барлық аумақтарында "(World Cleanup Day 2023) Дүниежүзілік Тазалық Күніне" байланысты сенбілік ұйымдастырылды.

19.09.2023 жылы Келес ауданында өмірге келген ақын Токаш Бердияровтың "Токаш Бердияров 98 жаста" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты барысында Токаш Бердияров жайлы деректі фильмдер көрсетіліп, өлең-шумақтарынан үзінділер айтылды. Ақын жайлы көптеген ақпараттар берілді.

Автомобиль жолдарындағы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол апаттарының алдын алу, жасөспірімдер жарақатын азайту және балалар арасында жол қозғалыс ережесін насихаттау мақсатында мектеп оқушыларына "Абайлаңыз балалар" атты іс-шара өткізілді. Іс-шараға Келес АПБ ЖПҚ - нің ЮПТ УПИ полиция майоры Сарсенов Мурат Жайлаубаевич қатысып, жол ережелері туралы оқушыларға кеңінен түсіндірді.

25.09.2023 жылы Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султановтың жылдық жоспарына сәйкес «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 1-6 сынып оқушыларына «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» тақырыбында жоғары сынып оқушылары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

27.09.2023 жылы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында "Құқықбұзушылықтың алдын алу басты - міндет" тақырыбында ата-аналар мен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында мектепте Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығы ашылатындығы туралы айтылды.

28.09.2023 жылы "Адалдық сағатына" орай "Адал азамат - әділетті Қазақстан!" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, мейірбан болуға, бір - бірін сыйлауға, бір - біріне мейіріммен карауға тәрбиелеу.

03.10.2023 жылы «1 қазан – Қарттар күні» мерекесіне орай М.Асанова және "Мектеп парламенті" мүшелерінің ұйымдастыруымен «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» тақырыбында Ұшқын ауылының тұрғыны Лесбаева Нағима апаның үйіне барып мерекемен құттықтап қайтты.

04.10.2023 жылы 7 сынып жетекшісі Л.Ештаеваның ұйымдастыруымен "1 қазан – Халықаралық қарттар күні" мерекесіне орай, Келес ауданында өмірге келген ақын Тоқаш Бердияровтың жұбайы Клара Құдайбергенқызына барып, мерекемен құттықтап, ақ батасын алып қайтты.

Қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз баланы гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету, өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру, қыздарды инабатты қыз болып өсуге баулу. Ерте жүктіліктің, суйцидтің алдын алу мақсатында 5-9 сынып оқушылары арасында "Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" тақырыбында "Баян сұлу" қыздар клубының жиналысы өтті.

Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері 5 қазан - Ұстаздар мерекесіне қарсаңында "Ұстазыма мың алғыс" челленджін қабыл алып, Ұстаздар күніне арналған "Ұстазыма мың алғыс" челленджін ауданымыздың басқа мектептеріне жолдады!

«Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу мәртебесін арттыру мақсатындағы іс-шаралар жоспарындағы "Мұғалімді ұлықтау", "Білім және өмір нұрын кім сыйлайды", "Ұлағатты ұстаз" және «Дублер күнін» дайындау және өткізу тақырыбытарында мұғалімдерді ұлықтау рәсімдері, дөңгелек үстел және «Дублер күні» ұйымдастырылды. Мектептің «Өзін-өзі басқару» ұйымының фракция мүшелері мен «Адал ұрпақ» клубының мүшелері мектептегі ұстаздардың орнына бір күндік дублерлік қызмет атқарды. "Өзін-өзі басқару" ұйымы мүшелеріне белгіленген рөлдерді айтарлықтай жақсы орындап шықты деп айта аламыз.

Мақсаты: Оқушыларды өзін-өзі басқаруға үйрету және бейімдеу.

05.10.2023 жылы "Ұстаздар мерекесі" күніне орай оқушылар мұғалімдерді мереке күнімен құттықтап, қарсы алды. Ұстаздардың көңілдері қуанышқа толып, ыстық ықыласқа бөленді. Мектеп тәлімгері М. Асанова және Өзін — өзі басқару ұйымының

мүшелерінің ұйымдастыруымен мерекеге орай, концерттік бағдарлама өткізілді. Концерттік бағдарлама барысында ұстаздарымызға қызықты ойындар ойнатып, оқушылар өздері дайындаған әндері және би өнерлерімен ұстаздарды қуантты.

19.10.2023 жылы "Әкелер мектебі" және Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жанынан "Даналық" мектебін құру мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді.

22.10.2023 жылы "Мектеп парламенті - 2023" парламент президентін сайлау өтті.

"25-қазан Республика күні" мерекесіне орай қиын өмірлік жағдайға тап болған, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен азаматтардың балаларына, жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға көмек көрсету мақсатында мектебімізде «Жанашыр жүрек» акциясы аясында Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы және қазақ тілі пәні мұғалімі Л.Ештаеваның ұйымдастыруымен "Күзгі жәрменке" ұйымдастырылды. Жәрменкенің мақсаты «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акциясын жандандыру, оқушыларымыздың бір-біріне деген мейірімділіктерін арттыру. Бір-бірін бауырмалдылыққа, сыйластыққа шақыру.

"25-қазан Республика күні" мерекесіне орай «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» атты акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылып, мектеп аулалары тазаланды.

23.10.2023 жылы "25—қазан Республика күні" мерекесіне орай, Жалпыұлттық «Қыран елім-Қазақстан!» патриоттық акциясы аясында барлық оқушылар және педагогтер Мемлекеттік Гимнді орындады.

"25-қазан Республика күні" мерекесіне орай 8—9 сынып оқушылары арасында "Жаңа Қазақстан" атты дебаттық пікірталас болып өтті.

24.10.2023 жылы "25—қазан Республика күні" мерекесіне орай «Қазақстан туған елім ұлы өлкем» атты іс—шарасы өтті.

27.10.2023 жылы жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

03.11.2023 жылы ата-аналармен пікір сайыс ұйымдастырылып, ұялы телефонның пайдасы мен зиян жақтары кеңінен талқыланды.

08.11.2023 жылы "Оқуға құштар мектеп жобасы" аясындағы, онкүндік іс-шара барысында "Ең үздік оқырман сынып" тақырыбындағы 2-3-4 сынып оқушыларының бір-біріне жолдаған челендждері өтті.

13.11.2023 жылы "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 2-4 сынып аралығында, "Кел бірге оқиық" 20 минут оқы да, 3-минут эссе жаз, кітап оқу акциясы ұйымдастырылды.

16.11.2023 жылы тәлімгер М.Асанова және Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында «Күз думан» атты сайысы өтті.

21.11.2023 жылы 15-25 қараша күндері аралығында өткізілген «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндіктің жоспарына сәйкес қараша айының 21 күні «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында құқық қорғау органдарымен бірге 5-9 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Бақытты бала – бейбіт елдің тірегі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

22.11.2023 жылы 15-25 қараша күндері аралығында өткізілген «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндіктің жоспарына сәйкес қараша айының 22 күні «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары арасында бақытты балалық шак бейнеленген сурет байқауы өткізілді.

23.11.2023 жылы 15-25 қараша күндері аралығында өткізілген «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндіктің

жоспарына сәйкес қараша айының 23 күні "Түнгі қаладағы балалар" түнгі рейд жұмыстары жүргізілді.

24.11.2023 жылы 15-25 қараша күндері аралығында өткізілген «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндіктің жоспарына сәйкес қараша айының 24 күні «Тегін білген текті елдің ұрпағымыз!» мектеп оқушылары арасында этно-ұлттық сайысы өткізілді.

04.12.2023 жылы Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» атты іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» тақырыбында мектеп ұстаздарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологы У.Кулдасованың ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» тақырыбында мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп тәлімгері М.Асанова және Өзін - өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "Зорлық - зомбылыққа қарсымыз" тақырыбында флешмоб өткізілді.

11.12.2023 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 32 жыл толуына орай «Тәуелсіздік мәңгі болсын тұғырың» атты 8-9 сынып оқушылары арасында мектепшілік пікірсайыс турнирі өткізілді.

21.12.2023 жылы 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай "Тәуелсіздік тірегің, туған жерің жүрегің" тақырыбында іс-шара өткізілді.

2 сынып оқушыларын салтанатты түрде "Жас Қыран" ұйымына қабылдау рәсімі болып өтті.

21-27 желтоқсан күндері «Ішкі үйлесімділік – көңіл – күйдің бақшасы» тақырыбындағы психологиялық апталықтың ашылуы өтті.

26.12.2023 жылы ІІ-тоқсан қорытындысы бойынша жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

27-28.12.2023 жылы МАД тобының және 1-4, 5-9 сыныптар арасында жаңа жылдық іс - шара болып өтті. Мерекелік іс - шараға Аяз ата мен Қарша қыз шақыртылып, оқушылар жаңа жыл тақырыбында жырларын, әндерін, тапқатарын айтып берді.

28.12.2023 жылы Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңының талаптарына сәйкес, Жаңа жыл мерекесі уақытында, қысқы демалыс уақыттарында құқықбұзушылық пен қылмыстың, суйцидтің, ертежүктіліктің, нашакорлық пен есірткінің, зорлық-зомбылықтың, әлімжеттіліктің алдын алуға, *азық-түлік дүкендерге, ауыл көшелеріне түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілдерінсіз тұрғын үй-жайдан тыс жерде жүрген жасөспірімдердің жүруінің алдын алу мақсатында* оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, Жаңа жыл мерекесі уақытында, қысқы демалыс уақыттарда құқықбұзушылық пен қылмыстың, суйцидтің, ертежүктіліктің, нашакорлық пен есірткінің, зорлық-зомбылықтың, әлімжеттіліктің алдын алуға, түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілдерінсіз тұрғын үй-жайдан тыс жерде жүрген жасөспірімдерді анықтау мақсатында (*азық-түлік дүкендерде, ауыл көшелерге, жаңа жыл мерекесіне орай кештер ұйымдасуына*) күндізгі және түнгі уақыттарда **29.12.2023-07.01.2024 күндері** аралығында рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында мобилді топ мүшелері құрылып, кезекшілер тізімі жасақталды.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында оқушыларымызға мектептің ішкі ережелерімен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Жол өмір қауіпсіздігі негізінде сынып сағаттары өтілді. Аптаның әр дүйсенбісінде оқушыларға 3 сабақтан соң 10 минуттық үзіліс

кезінде жиналыс өтеді. Жиналыста сынып тазалығы, сабаққа мінатас, тәртібі, оқушының гигиенасы, күнделік жайлы т.б мәселелер бойынша сөз қозғалып ескертулер айтылады.

Мектепте ата-аналар жиналысы өтіліп жана комитет құрамы сайланды. Ата-аналар төрағасы Қ.Қайназаров болып сайланды. Жиналыс барысында ата-ана мен педагог және ата-ана мен бала арасындағы байланыс, мектеп формасы, оқулықтар, оқу барысында іске асыратын жоспарлар, 2022-2023 оқу жылындағы жетістіктер, кемшіліктер жайында сөз қозғалды.

2023-2024 жылғы оқу жылында сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі құрылып, оның жетекшісі болып Д.Ахметов бекітілді. Жоспар негізінде жұмыс атқарып жатыр.

Оқушылардың тұрмыс деңгейі анықталып, мемлекет тарапынан белінген қаржыға мектеп ережесіне сай киім әперіліп, күнделікті ыстық тамақ берілуде. Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайына сипаттама:

Көп балалы отбасы балалар саны – 118

Тұл жетім – 0

Жартылай жетім – 8

Үйде оқитын оқушылар саны – 1

Дене тәрбиесі сабағынан босатылған оқушылар саны – 0

«Д» есепте тұратын оқушы саны – 6

Мүгедек оқушылар саны – 0

Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны – 6

Тұрмыс жағдайы төмен оқушылар саны – 27

АСП алатын отбасылар – 9.

Мектепке жол акцисы аясында демеушілер тарапынан 4 оқушыға мектепке керекті құрал-жабдықтар берілді.

I – II тоқсан бойынша мектепте көптеген іс-шаралар өткізіліп, өткізілген барлық іс-шаралар «Facebook» әлеуметтік желісіне жарияланып отыр. Құқық бұзушылық, ерте жүктілік, суйцид, жат діни ағымға еліктеушілік істері орын алмады. Түнгі беймезгіл уақытта көшеге шығушы оқушылар жоқ. Ата-аналармен байланыс орнатылып, тиісті шаралар жүргізіліп жатыр. Мектеп формасы калыпты жағдайда. Сынып жетекшілер тәрбие сағаттарды уақытылы орындап жатыр. Тоқсанның аяқталуына орай ата-аналар жиналысы өткізілді.

Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары:  Б.Султанов